Докторант Кенжекожаева Ақботаның «8D02304 – Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақ және түркі фольклорындағы Қожанасыр бейнесі» атты диссертациялық жұмысына берілген отандық кеңесшінің

ПІКІРІ

Кенжекожаева Ақботаның «Қазақ және түркі фольклорындағы Қожанасыр бейнесі» атты диссертациялық жұмысы Қожанасыр бейнесінің қазақ және түркі халықтары фольклорындағы ерекшеліктері мен ұқсастықтарын, әр халықтың әлеуметтік, тұрмыстық жағдайларына қарай өзгеру, трансформациялану жолдарын талдауға бағытталған. Қожанасыр бейнесі ислам дінін қабылдаған күллі түркі халықтарына ортақ тұлға. Ол бейненің астарында әр халықтың таным-түсінігі, дәстүрі мен салты, қарапайым халықтың арман тілегі көрініс табады. Сонымен қатар әділетсіздік пен надандықты, сараңдық пен ашкөздікті, халықтың қамынан бұрын өз жағдайын жасап қалуға тырысатын тоғышарлықты астарлы сатирамен сынай отырып оған адамгершілік, ар, ождан мәселелерін қарсы қояды. Бірақ мұның барлығы да түркі халықтары фольклорында әр халықтың тұрмыстық ерекшеліктеріне қарай бейімделіп, өзгерістерге ұшырап отырады. Зерттеуші өзінің диссертациялық жұмысында сол ерекшеліктерді тақырыптық, идеялық, сюжеттік жағынан жеке-жеке салыстыра отырып талдап шыққан.

Диссертациялық жұмыстың бірінші тарауында Қожанасыр туралы алғашқы деректердің жариялануы, жинақталуы, бейненің шығу тегі мен түпбейнесі секілді өзекті мәселелер қарастырылған. Сонымен қатар, Қожанасыр есімінің антропонимиялық алуан түрлілігі бейненің географиялық таралу сипаты және түркі халықтарының этномәдени ерекшеліктері тұрғысынан талданған. Қазақ фольклорында Қожанасыр бейнесі бүгінгі күнге дейін қаншалықты зерттелді, жалпы түркі халықтарында қандай деңгейде зерттеліп отыр деген сауалдарға да докторант барынша нақты жауап берген.

Диссертацияның екінші тарауында Қожанасыр бейнесінің түркі халықтары фольклорындағы ұқсастықтары мен айырмашылықтары, оның іс-әрекетіндегі сопылық ілімге жақын ұстанымдар мен атрибуттар қарастырылған. Қожанасыр бейнесі халықпен бірге мәңгі жасай беретін бейне, сондықтан ол қазіргі кезде де өзінің болмысын бүгінгі заманға ыңғайлап, қазіргі фольклорға трансформацияланған, бізбен қатар өмір сүріп келе жатқан өміршең образ екендігін автор осы екінші тарауда нақты дәлелдеп шыққан. Зерттеуші өзінің теориялық тұжырымдарын тек қана қазақ, орыс зерттеушілері ауқымында қарастырып қоймай, оған түрік, өзбек, татар, башқұрт және ағылшын, араб зерттеушілерінің де ой-тұжырымдарын дәйек етіп алған.

Жұмыстың жаңашылдығы Қожанасыр бейнесінің қазақ және түркі фольклорындағы ерекшеліктері мен ұқсастықтарын айқындау мақсатында

Қожанасыр бейнесіне салыстырмалы талдау жүргізу арқылы көрініс тапқан. Ізденуші Қожанасыр бейнесінің қазіргі әдебиеттегі трансформациялану үдерісін, бұл кейіпкер жөніндегі туындылардың жаңа мазмұндық толығу мен идеялық өзгерістерді анықтаған. Қожанасыр бейнесі жөніндегі түркі фольклорында іргелі зерттеу жұмыстары жеткілікті болғанымен, қазақ фольклорында аталмыш бейнеге қатысты кешенді зерттеулер, оның ішінде бірнеше түркі халықтары аясында салыстырмалы тұрғыда талдауға арналған зерттеулер жоқ. Диссертациялық жұмыста қазақ фольклорындағы аталған мәселенің зерттелмеген тың тұстарын ашуға қадам жасалған.

Ізденуші ұсынған шешімдердің жаңашылдығы Қожанасыр бейнесін зерттей келіп, қазақ және түркі фольклорында аталған образдың үздіксіз дамып, өзгеріп отыратындығын жаңа көзқарас ретінде ұсынады және бұл зерттеу түркі халықтарының рухани мұрасын қазіргі заман контекстінде жаңаша қарастыруға септігін тигізеді деп сенемін.

Докторант Ақбота Кенжекожаева зерттеу жұмысының негізгі мазмұны жөнінде ҚР Жоғары Білім және Ғылым аттестаттау комитеті бекіткен ғылыми журналдар мен шет елдік басылымдарда мақалалар жариялап, баяндамалар жасады. Диссертацияның негізгі тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануы жеткілікті.

Қорыта айтқанда, Кенжекожаева Ақботаның «8D02304 – Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақ және түркі фольклорындағы Қожанасыр бейнесі» атты диссертациялық жұмысын оң бағалаймын және диссертациялық кеңесте қорғауға дайын жұмыс деп есептеймін.

Отандық ғылыми кеңесші:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің доценті, ф.ғ.к. **Ж.О. Мамбетов**

әл-Фараби атындағы ...
даярлау және аттестаттау басқар...
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
«28» 09 2022